

адамгершілігі жоғары адам. Екіншіден, оқулық-бұл оқу құралы, сондықтан ол аз жұмыс істеп, өз отбасына және оның мәдениетіне деген сүйіспеншілікке толы болуы керек. Сонымен, білім беру процесінің барлық элементтерін біріктіретін іргетастың рөлін алдынала белгілі нәтижеге әкелуі керек оқыту ережелерін белгілейтін педагогикалық технология атқарады. Бұл білім беретін үш қағида, ал бұл ережелерді тізгінге алған адам «Мұғалім - мектептің жаны» деп атауға құқылы.

Жүз жыл бұрын өмір сүрген А. Байтұрсынұлы заманауи педагогиканың негізін қалады, сондықтан оны тек өткен мұғалім ғана емес, болашақ мұғалімі де атай алады.

Қазақ даласының ұлы ұстазы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының ұмтылысы бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған жаңа білім беру жүйесінде, өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге ғана емес, сонымен бірге оны жақсы жаққа өзгерте отырып, қазіргі шындыққа ықпал етуге дайын бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға іске асырылуда.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы, А. Қазақша оқыту туралы // Қазақ. -1913 ж. б.199-200.
2. Байтұрсынұлы, А. Бастауыш – белгілер жүйесі// Жалын, -1989. - б.203-205.
3. Байтұрсынұлы, А. Мектепке мұқтаж // Қазақ. -1914, -№62. б.196-198.
4. Байтұрсынұлы, А. Оқу туралы А. Байтұрсынұлы. // Қазақ. -1913 ж., - No 11. - б.199.
5. Қ.Аюбай Ф.С.Қалиев, Қазақстанның педагогикалық ой антологиясы// - Алматы: - Сөздік, 2012.-Т.1. - 448 б.

### **БАР САНАЛЫ ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН ТҰЛҒА**

*Байдулатова К.И.*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы  
«№2 жалпы білім беретін мектебі»КММ  
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылы  
Қазақстан*

Қазақтың маңдайына біткен текті тұлғалар қатары жетіп артылады. Солардың бірі және бірегейі - Ахмет Байтұрсынұлы. 1872 жылы Сарытүбек ауылында шыр етіп өмірге келген нәрестеге атасы Шошақ ауыл молдаларын шақырып, азан шақырып атын қойыпты.

Алайда, Алашқа аты әйгілі Ахмет Байтұрсынұлының нақты туған күні тарихта үлкен дау тудырады. Аталған мәселе бойынша бірнеше пікір қалыптасқан. Көп жерде туған күні 29 қыркүйек деп белгіленсе, ал, Ахметтің жеке жазбаларында, құжаттарда «5 қыркүйекте дүниеге келдім» деген сөздер жазылған. Сондықтан, ұлт зиялысының нақты туған күні талас тудырады.

Жастайынан зерек, ерекше алғыр бала Ахмет Байтұрсынұлы алғашқы сауатын ауыл молдаларынан ашып, кейін Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Өзін үздік қырынан танытқан ол, білімін жетілдіру мақсатында Орынбордағы 4 жылдық мектепте біліктілігін жалғастырады. Оқуын сәтті аяқтаған соң, бірден ұстаздық салаға бет бұрып, Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездеріндегі қазақ-орыс мектептерінде сабақ береді.

А.Байтұрсынов мұғалімдер даярлайтын оқу орнын бітірісімен, 1895 жылдан бастап 13-14 жыл бойы бала оқытумен шұғылданады. 1895 – 1909 жылдар арасында ауылдық, болыстық бастауыш мектептер мен 5-6 жылдық екі кластық училищелерде мұғалім болып қызмет атқарады. Бала оқыта жүріп, сол оқыту ісіне қажетті жағдайларды қарастырады. Ең алдымен қазақ балаларының сауатын қазақша ашатын ұлттық жазу таңбалары (графикасы) бар ма, екіншіден, оқыту жүйесі жолға қойылған, үкімет тарапынан ашылған мектептер бар ма, үшіншіден, ондай графикасы мен мектебі болған күнде қазақ тіліндегі

«Әліппе» кітабы мен оқулықтары бар ма – міне осыларға назар аударады. Әрине, осылардың бірде – біреуінің жоқ екенін біледі және осыларды дүниеге келтірмейінше, жүзеге асырмайынша, қазақ даласындағы оқу – ағарту ісін дұрыс жүргізу мүмкін емес екендігін жақсы түсінеді. Енді ол «барымен базар» болып күнделікті бала оқытумен қатар жоғарыда айтылған «жоқтарды түгендеуге» кіріседі. Атап айтқанда, А.Байтұрсынов 1910 жылдан бастап қазақ графикасымен айналыса бастайды. Сол күнге дейін өзге түркі халықтары сияқты, қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары таза сол күйінде қазақ тілі үшін қолайлы емес екендігін біліп, оны қазақтың ұлттық жазуына икемдеп, қайта түзуді қолға алады. Ол үшін алдымен қазақ тілінің фонетикалық (дыбыстық) жүйесін зерттеуге кіріседі [1, 23 б.].

А.Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықтан бастауының үлкен әлеуметтік мәні болды. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Уфа, Троицк, Орынбор т.б. қалаларында мұсылманша, көбінесе орысша білім алған қазақ азаматтары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын шаруалы да, кедей де ортадан шыққандар болғанмен, едәуір білім алғандардың көбі әкімшілік – сот орындарына орналасып, бас пайдасын, өз мүддесін көздейін болды. Кезінде ұлы Абайдың да «баламды медресеге біл деп бердім, шен алсын, қызмет қылсын деп бермедім» деуі де немесе «ойында жоқ бірінің Салтыков пен Толстой. Я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой» деп зарлауы да осындай жай – жағдайды көріп айтқаны болатын. Қысқасы, А.Байтұрсыновтың өз тілімен айтқанда «байға мал, оқығанға шең мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігіне ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынов осыны жақсы білді, дұрыс таныды Ол 1895-1909 жылдары Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде бала оқытады, екі кластық училищелерде сабақ береді. Мұхтар Әуезовтың жазуына қарағанда, ол алғашқы кезде Ақтөбе уезі Батпақты болысындағы Ахметкерей Қойшыбақовтардың аулындағы ауылнай школаға барып оқытушы болған. Әуликөлден ауысып барған школы – Қостанай қаласының уездік екі сыныптық орыс – қазақ школы [1, 6-7 б.].

Ол өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі...Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», - деп жазып, оқудың қоғамды өзгертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді [2, 3 б.].

Алаш көсемсөзінің көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы «төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді» деп жазып, қауіп-қатердің қайдан келіп жатқанын дөп басып танып, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың жолын іздеді. Әсіресе, біртіндеп қолдану аясын қолдан тарылта бастаған қасиетті ана тіліміздің қамын ойлағанда жанын қоярға жер таппай, шыр-пыр боп араша түсті, қолы қабарғанына қарамастан көсемсөз жазып, дамылдамай дабыл қақты, күрескерліктің тың даңғылын салды [3, 3 б.].

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Күш жұмсауға тура келген себебі мынада. Қазақ балаларына арналып 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептің тілі қазақша болғанымен, қазақша жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ болатын, сондықтан әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын.

Ол «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 майдағы нөмірінде «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялайды. Мұнда автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керек деген мәселе қойып, сол кездегі қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жай – жағдайы маз емес екендігін, оларда программа, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі дегендердің жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтады. Қазақ жерінде ашылған бастауыш орыс мектептеріндегі оқыту ісі біршама ілгері болғанмен, оны бітіруші қазақ

балалары әрі қарай оқи алмайтындықтан, бұл мектептердің де пайдасы аз екендігін айтады. Бастауыш мектеп саясаттан аулақ болу керек дей келе, халық сауатын ана тілінде ашқаны абзал, атап айтқанда, бастауыш мектеп бес жылдық болсын, алғашқы үш жылда балалар ана тілінде, кейінгі екі жылда орысша оқысын деген ұсыныс білдіреді.

Ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі мен құрметінің арқасында, туған тілге деген жанашырлығы бойда жалын атып, ағартушылық салаға бет бұрған бетте бастауыш сынып оқушыларының ана тілінде білім алуына әрекет етіп, іске қызу кірісіп кетті.

А.Байтұрсынов қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппе құралын жазады. Ол «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынборда Каримов, Хусаиновтар баспасында шығады. Бұған дейінгі қазақ балаларына ұсынылып келген «Букварь» немесе «Самоучитель» дегендер «жазуға үйрететұғын кінеге» ретінде қазақ балаларының сауатын орыс тілінде, орыс графикасымен ашуға арналған болатын. Демек, А.Байтұрсыновтың «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз [1, 29-30 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы жазған «Әліппе» бастауыш сынып оқушыларының әлі күнге ең бірінші танысатын оқулығы ретінде аса құнды. Елімізде бірнеше жыл қатарынан оның орынын «Сауат ашу» алмастырғанымен, өткен жаңа оқу жылынан бастап бүлдіршіндер қайтадан өздерінің сүйікті кітабымен қайта қауышты. Бұл өзгеріске мен де ерекше қуандым. Себебі, «Әліппе» білім беру саласында ойып тұрып орын алатын, қашан да маңыздылығы жоғары оқулық.

Жаңа оқулық жайында БҒМ Білім мазмұнын сараптау орталығының директоры Елдос Нұрланов: Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оңтайлылықпен әліппенің қысқа мерзімде игерілетін тәртібі басшылыққа алынды. Бағдарламада осындай идеялар тұжырылымдаған соң, орталыққа 5 баспалық нұсқалар келді. Біз өткен жылдың қарашасы мен биылғы сәуір аралығында осы жұмысқа сараптама жүргізгенбіз, – деп пікір білдірді.

Ахмет Байтұрсынұлы әліппе жазу барысында жазуға ыңғайлы, оқуға жеңіл түрін қарастырған. Оған араб таңбаларын қолданып, қазақ тіліне икемдейді. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, ал, басқалар болса «Байтұрсынов» жазуы деп атап кеткен қазақтың графикасының пайда болуына түрткі болған.

«Ахмет Байтұрсынов - біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.», деген болатын — Рабиға Сыздықова

1912 жылы мектеп балаларын қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін, көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. «Біздің заманымыз жазу заманы...Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге, сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша бір – біріне қиындасып, жалғасатын жүйесін білу керек» болғандықтан, «қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек» дегенді өзіне міндет етіп алады да, сол міндетті атқару үшін «Тіл - құрал» деген атпен үш бөлімнен, яғни үш кітаптар тұратын оқулық жазуға кіріседі. Оқулықтың қосалқы аты «Тіл танытқыш».

Ресей және Еуропа ғалымдарының пікірінше Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған жаңа қазақ әліпбиі озық жазу үлгісі болып шықты. Яғни, қалай жазылса, солай оқылатын біркелкі концепция, қалыптастыру үлкен ғылыми жаңалық болды. Қырғыз, қарақалпақ және башқорт халқы өз әліпбилерін жасағанда Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған емле үлгісін пайдаланды. Ал, кейінірек қазақ тілін латын және кирилица әліпбилеріне көшіру кезінде де Ахмет Байтұрсынұлы жасаған жүйе негізге алынды.

Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – кәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

Ахмет Байтұрсынов 1924 жылы әліпби жайында жасаған баяндамасында Әліпби тілге шақ болуы керек деген. Бұл сөз ешқашан құнын жойған жоқ. Бүгінде біз әліпбиді жасауда, жаңа әліпбиді жасағанда осы мәңгілік заңдылықты ұстанып отыруымыз керек.

1926 жылы Бакуде болған Түркітанушылардың бүкілодақтық 1 съезіне қатысып «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасайды. Сол басқосуда қазақ ұлтының тілдік жүйесін дәлелдеп, пікір таластырған оның халқының болашағы үшін қайсарлық көрсетіп, білімділермен белдескен ер мінезі мен қайраткерлік болмысына Әзірбайжан ұлты да қайран қалған еді.

Ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегін жоғары бағалап, бірнеше ғылыми зерттеу жазды. Лингвист ғалым Николай Яковлев 1928 жылғы ғылыми мақаласында Ахметтің орфографиялық моделін, өзге халықтардың жазу үлгісін жасауда толық пайдалану керек деген тоқтамға келеді.

Оның қазақша әліппе жасауы қазақ тіл білімінің негізгі терминдерін ойлау мүмкіндігі мен сабақтастырып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс, сөз, сөйлеу жүйесін қалыптастырған елеулі еңбегін шетелдік ғалымдар осылайша мойындап, бағасын берген.

Қазақ тілін талдап тануда А.Байтұрсыновтың еңбегін және бір тұрғыдан ерекше бағалау керек: ол – термин жасаудағы іс – әрекеті. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсына қазақша термин ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз деген т.т.сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі.

А.Байтұрсыновтың ағартушылық салада аясыз тер төгіп, өлшеусіз үлес қосқан азамат. Ол оқушылардың білімділік – танымдылық жағын басшылыққа ала отыра тәлімгерлік қызметке де аса жіті назар бөлген жан. Оқумен қатар тәрбиенің қатар көрініс табуын көксеп, барынша сауатты, ізетті шәкірттер шыңдауға тырысты.

Бар саналы ғұмырын ғылымға арнаған тұлға ауыл – аймақтарда мектеп ашып, семинарларда бала оқытты, оқу тәрбие ісін жетілдіру барысын бір жолға қоюға тырысып, көз ізденді, ұтымды тұстарына назар салды. Ағартушылық бағытта талай мақала жариялап, өзінің пікірін күллі қоғамға білдіріп, ілім – білімге шақырды. Ол туған халқының көзі ашық, көкірегі ояу болуын көкседі. Сол үшін бар жанын салып еңбек етті. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек» -деп жазды. Орта білім алу жеткіліксіз екендігін де баса айтып, біліктілікті одан әрі дамыту керектігін көксеп, шәкірт тәрбиелейтін мұғалімдер даярлайтын педучилищелер ашуға ұсыныс білдіріп, қазақ даласында оқу орындары тапшылығын ескеріп, қазақ медреселерін тәмамдаған жігерлі жастарды одан әрі жұмысқа тарту мәселесін мықтап қолға алған бірден бір жан – Ахмет Байтұрсынов болды. Сонымен қатар ол бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, ұлт, дін, ұлт тарихы, есеп, қолөнер, жағрафия, жаратылыс болу керек екендігін нақтылап көрсетті.

Ахмет Байтұрсынов бұл ретте тек халықты оқуға шақырған, білім – ғылымның қажеттігін түсіндірген жалаң үгітші ғана емес, қазақ арасында мектеп ісін жолға қоюға күш салған, бала оқытып, ұстаздық құрған практик. Сонымен қатар ол оқу – ағартуды жолға қою үшін қажет өзге де шараларды қолға алған қайраткер болды. Бұл шаралар: қазақ жазуына лайық графика түзу, жазу тәртібі – емлені жасау, қазақша сауат ашатын «Әліппе» жазу, ана тілін танып оқитын мектеп оқулықтарын жазу, бала оқытудың әдістерін көрсету. Міне, осы орайда А.Байтұрсынов қазақ мәдениеті көгінде жалаң ағартушы болып емес, ғалым – ағартушы болып көрінді.

Ғалымның хаты өлмейді дегендей, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі, оның әдебиетші ғалым теоретик ретінде тұлғасын айқындаған басты еңбегі «Әдебиет танытқыш» 1926 жылы Ташкент қаласында басылып шыққан. Бұл кітабында ғалым алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер

жүйесін жасады. Сонымен қатар, Әдебиет танытқышта Ахмет Байтұрсынұлы аса бай фольклорлық материалды пайдаланды.

Айта кетуі керек, ол тек ағартушылық салада ғана туған тілдің тағдырына үлес қосқан жоқ, әдеби жанрда да өз өлеңдеріне арқау етіп, ұлтқа үндеу жариялайды. Ол өз еңбегінде:

«Кенің бай, көлемің мол, туған тілім,  
Дыбыстың теріп, сөз ғып буған гүлін.

Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,

Мен қосып, құтыла алмас құсам білім», - деп ардақтайды.

Ахмет туған тіліне өлең арнап қана қойған жоқ, он түрледі, «Әліп - биін» түзді, әліппесін жасады. Кейінгі ұрпаққа «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Сөз өнерінің ғылымы», «Тіл қисыны», «Сөз талғау», «Тіл (лұғат) әуезділігі», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Дарынды сөз», т.б. өлмес мұра қалдырды [4, 58 б.].

Ғалымның еңбектері қараңғы бөлмеде жанған жарық тәрізді бірден күрмеуі шешілмеген мәселелердің оң шешімін табуға ықпал етті. Тіпті, шетелдік зерттеушілер де Ахмет Байтұрсынұлының жиындарда оқыған баяндамаларына таңырқап, өздерінің қошеметтерін білдіріп, таңданыстарын жасырмайтын болған. Әрине, ең үлкен қуаныш қазақ даласында еңбек сіңіріп жүрген ұстаздар қауымының еншісінде болды.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады. Себебі, А.Байтұрсынұлының реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни дыбыс үндестігі заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған болатын. [3, 25 б.]

Айта кетейік, Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық тұрғыда үнемі қалам тартып, көкейдегі сан түрлі мәселені баспасөз беттері арқылы баяндап отырған. Оның «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Мектеп керектері», «Оысша оқушылар» деген сияқты келелі мәселелерді қозғайтын мақалалары сол замандағы ең өткір жағдайды тілге тиек ете отыра, оқытудың дұрыс формасын қалыптастыруға негіз болды.

Мәселен, «Қазақша оқу жайынан» мақаласында редакцияға («Қазақ» газетіне – С.О.) мұғалімдерден бала оқыту үшін бағдарлама (автор бағдарламаны әуелі орысша «программа» деп алып, жақшаның ішінде «жосық» деп аудармасын көрсетіпті – С.О.) сұраған өтініш хаттар жиі түсетін, бірақ әліппеден басқа бастауыш мектептерге арналған оқулықтар әлі де шықпағандықтан, бағдарлама жасау мүмкін емес екенін түсіндіреді. Баланы оқыту үшін әуелі оларға арналған кітаптарды дұрыстап мәнді – мағыналы, ұғынықты етіп шығару керектігіне тоқталады.

«Екінші кемшілігі, - дейді автор ойын әрі қарай дамытуға түсіп, жинақтай айтып – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендіктен, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру оқу мен жазу үйретудің негізі, істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы».

Ғұлама ғалымның осы пікірі әлі күнге дейін жүзеге аспай келе жатқаны қынжылтады. Кешегі Кеңес үкіметі тұсында да, қазір де балалардың көбісінде басқа тілде - орысша шығады да, мектепке барған соң қазақша дыбыстарды білмей басы қатады. Тілі орысша шыққан бала «Қ» мен «К» -ні, «Ғ» мен «Г» - ні, «Ы» мен «І» - ні «Ү» мен «Ү» - ні, «Н» мен «Ң» - ды айыра алмайтынын күнде көзіміз көріп жүр. Бұл тіпті мектепті орыс тілінде бітірген жоғары оқу орындарында оқытын студенттердің де басында бар кемшілік [5, 18 б.].

Халық ағарту ісінің мұң – мұқтаждары айтылып, оқу ісін жақсартудың жолдары да көрсетілген жазбалар әлі күнге мұражайдың ұлттық қорында құнды жәдігерлер ретінде сақталып тұрғанын алға тартқанымыз жөн.

Тіл тазалығы мен оның қолданылу аясына қам жеген азамат, жас буын өкілдерінің өз ана тілінде білім алуы үшін бар жанын салып еңбек етті. Осы тұста өз басымдығын бастауыш сынып оқушыларына бағыттап, дүниеге көзқарастары енді қалыптасып келе

жатқан жандарды барынша ұлттық болмыспен тәрбиелеу қажеттігін алға тартты. Бұл пікірмен мен де толықтай келісемін. Себебі, тіл – ол ұлттың жаны. Дәл осы кезеңдерде бүлдіршіндер қай тілде білім игерсе, сол тілде ойлап, икемделіп, алдағы уақытта қазақ тілінде қате сөйлеп, дыбыстық кемшіліктерге жол беретін болады.

Ел қамын, «ұлт сақталуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» жайын жеріне жеткізе, егіле жазған Алаш арысынан артық ешкім айта алмасы хақ.

Оның өмірлік ұстанымы, болашаққа деген зор көзқарасы, білімге деген ынтасы әрқашан ісінен көрініс тауып, нағыз ұлттың жанашыры екендігі айқын басымдықпен байқалып тұратын. Бүгінгі таңда ұрпақтары «Ахметтану» деген арнайы зерттеу тобын ашып, зиялы қауым өкілінің өмірін зерттеумен тыңғылықты айналысуда. Бұл болашақ ұрпақ ұландары үшін өте қажет. Өскелең ұрпақ Ахметтей арысты айнытпай танып, әрқашан хабардар болуы шарт.

Алаштың апталдай азаматы Ахмет Байтұрсынұлы ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, өзінің алғырлығымен көзге түскен, қазақ зиялысы, тіл білімінің жанашыры, әліппенің атасы. Оның зерттеушілік өнері қазақ тілі және әдебиетіне зор жаңалық әкелді. Мәдениеттен де таса қалмады. Шығармашылығы бір төбе. «Жігітке жеті өнер де аз» деген мақалды арқау еткендей, қазақтың Аханы сегіз қырлы, бір сырлы азамат болды. Жастайынан зерек, оқуға алғыр, ұғымтал, қашан да жаңашылдықтың жаршысы болуға жетелеген асқақ арманына жетек беріп, өз-өзін қамшылаудан шаршамаған ұлт көсемін бүгіндері ұрпақтары сағынышпен еске алады. Тіпті, шетелде өзінің баяндамаларымен өнер көрсеткенде де, бүкіл әлем болып қошемет білдіріп, білімін мойындайтын болған. Бүгінгі таңда тіпті, жат жұртқа мекен аударған қандас бауырластарымыз әлі күнге Ахмет Байтұрсынұлының қалдырып кеткен мұрасы негізінде сауат ашып, өз-ара қарым-қатынас жасауда.

Апталдай арыс тек білім саласында тер төгіп қана қоймай, саясатқа да белсенді араласқан жан. Өзінің көрегендігінің арқасында халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, жақсы тұрмыс кешуі үшін билікке араласып, өзінің тұщымды ойларын айта білген. Оған қоса, баспа саласына да бар жанын салып еңбек еткен. Ұлт ұстазы, мемлекеттік қайраткер, үздік журналист, халқының шынайы перзенті – Ахмет Байтұрсынұлы расымен текті тураған тұлға.

Қазақ халқының XX ғасыр баяндағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, Мемлекет қайраткері, қазақ тіл білі мен әдебиет тану ғылымының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алашорда үкіметінің мүшесі, бір атаққа жазылған мың атақтың иегері ол – Ахмет Байтұрсынұлы.

Жоғарыдағы қасиеттерінен бөлек, оның бойында басқарушылық, журналисттік ой да көрініс тапқан. Ол «Қазақ» газетінің тұңғыш редакторы. Кілең үздік мамандар топтастырылған ұжымға басшылық жасау, өткір тілмен өзекті мәселелерді еш қаймықпастан қағаз бетіне түсіру, халықтың өмірі мен тұрмыс – тіршілігінен хабар тарату барысында қашан да өзінің алғырлығын байқата білген. Үш мыңнан аса оқырманы бар газет тек ел аумағында таралып қана қоймай, Қытай, Ресей жеріне дейін таралып, тіпті жарияланған мақалалардан билік басшылары да қаймығатын болған.

Қағаз бен қаламды жанына серік еткен жан газеттің гүлденуіне түрткі болып, сонымен қатар шығармашылықты да бір сәт шет қалдырған емес. Ол өз бойындағы дарынын өлең жазудан бастап, халықтың арман – мұратын, патшаның сұрқия саясатын сынға алып, жағымпаздық танытқан жандарды сөзбен түйреп, қара өлеңге арқау ете білген. Ең алғашқы жинағы «Қырық мысал» атауымен жарық көрсе, ізін суытпай артынан «Маса» атты екінші кітабы қалың оқырманға жол тартады. Ұйықтап жатқан халқының құлағының түбінен маса болып ызылдап, оятуға ниеттенген жан, ел тұрғындарын алға жетелеуді армандап, жат қылықтарды жіпке тізгендей етіп жазып, шығармаларымен тамаша жеткізе білген.

Оның өлеңдері өзінің қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, тереңдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады. «Ол кісінің арқасында санасыз түрде

болмаса да, шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, өз ағаттықтарын түсіне бастады», - деген Міржақып Дулатұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың маңдайына біткен текті тұлға. Оның елі үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Білімнің бастауы, тура жолға бағытталуы ұлт зиялысының қаншама төккен тері мен еңбегінің нәтижесі. Бүгінде оның қалдырып кеткен мол мұрасы, әлі күнге азық болып келеді.

«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал” , “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер - білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақта, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.», деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Алаштың апталдай азаматы, аққан жұлдыздай жарқ етіп халқына үміт сыйлаған, жанын беріп қызмет қылған жанның ерен еңбегін елі ұмытпайды, ұлықтайды!

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Сыздықова, Рәбиға. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] / Р. Сыздықова, Қазақ ССР "Білім" қоғамы. - Алматы : Қазақ ССР "Білім" қоғамы, 1990. - 49, [3] б.
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. Алматы: «Ел - шежіре», - 2013. – 384 бет.
3. Алаш көсем сөзі: тіл мәселесі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014.
4. Оспанұлы Серікбай, Ахмет өскен ақындық орта: Көмекші оқу құралы. – Қостанай:Шапақ, 2004. – 204 бет.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан //Қазақ, 16 май, №14, 1913.Б.3.

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХЫН ОЯТҚАН – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

*Әлтай А.Е.*

*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*«№4 Қаракеңгір жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Қазақстан*

Жаңа заман талабына сай ақтаңдақтардың бет пердесін ашып зерделеу өте маңызды. Соның бірі «тұңғыш», «алғашқы», «негізін салушы» деген ұғымдармен сипатталатын қазақ зиялысы, еліне елеулі үлес қосқан жан - Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өз ғасырында қоғамдық сананы, ұлт-азаттық ой-пікірлерді күшейтіп, ұлттық рухтың оянуына түрткі болды. Ғасыр басында қазақ ұлтының атынан патша үкіметіне хұзырхат жолдап, өзінің азаттық ой-пікірлерін жалпыұлттық санаға айналдыру жолында қызмет етті. Отарлық езгінің қайнауында болған Ахмет Байтұрсынұлының ой-пікірлері мен ұстанымдарының басты бағыты - ұлт-азаттық мағынада болуы заңды құбылыс

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ағартушы-педагог, сөз зергері, ақын, қазақтың баспасөз тілінің ұлттық үлгісін танытқан публицист, туған халқының рухани дүниесін биіктетуге көп күш салған ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде Шошақ ұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылдың 18 қаңтарында дүниеге келген.

Табиғатынан аса дарынды Ахмет 1882-1884 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінде сауат ашады. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищиде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып білім алады. 1895 жылдан бастап Ақтөбе, Қарқаралы атырабында мұғалім болып қызмет атқарады. Сол жылдары А.Байтұрсынұлы Қостанайдан Омбыға барып, Қазақ халқының тарихын, этнографиясын,